

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданында оңайлатылған декларация негізіндегі (бөлшек салық) арнайы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесін төмендету туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2025 жылғы 26 қарашадағы № 264 шешімі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешімнің қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т қараңыз.

Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 726- бабына сәйкес, Ұлан ауданы мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ұлан ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшерін алынған (алынуға жататын) кірістер (шығыстарды есепке алмағанда) бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Ұлан ауданы мәслихатының 2024 жылғы 27 наурыздағы № 127 "Ұлан ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 8992-16 нөмірімен тіркелген, ҚР НҚА электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 09.04.2024 жылы жарияланды) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат төрағасы

Г. Калиева